

A central image of the Earth is surrounded by twelve religious symbols: a meditating Buddha, a Dharma wheel, a starburst, a Star of David, the Japanese character for water (水), a menorah, a Shinto torii gate, a Star of David, a fish, a Khanda, a crescent moon and star, a cross, a Yin-Yang symbol, and the Om symbol. The text "Дін – өмірдің тұтқасы" is overlaid in red on the globe.

# Дін – өмірдің тұтқасы

**Мақсаты:** Білімділік – ислам діні туралы, мұсылмандықтың бес парызы туралы ұғындыру, имандылық туралы түсінік беру, Ойлау қабілетін шыңдау, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Нақыл сөздер, интерактивті тақта.

**Дін - әлемдік өркениеттегі барлық қоғамдық құрылыстарға тән тарихи, саяси - әлеуметтік, дүниетанымдық және психологиялық құбылыс. Ол ықылым замандардан бері адамдармен бірге жасасып келеді. Оны ең тұжырымды түрде Құдай мен адамның арақатынасы, адамның танымынан тыс күштердің барлығын мойындау және соған илану деп анықтауға болады. «Дін» сөзінің аясы кең, ұғымы ұлы. Ол Құдайға құлдық ұрып, тек құлшылықтан бас көтермеу дегенді білдірмейді. Дін – өмір сүрудің үздік үлгісі, екі дүние бақытына жетелейтін жол. Дін – адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке ұйытатын күдіретті күш. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», – дейді ақын Абай. Міне, дін дегеніміз – адамдық қасиетті қалыптастыратын, жағымсыз амалдан арылтатын күш.**



## Будда діні

(б.д.д. I в.) Індістан  
Силдхаратха Гаутама

## Ислам діні

(б.з. 609-632 ж.)

Араб т. бегі

М. хаммед Пай. амбар

# Әлемдік діндер

## Христиандық

I в. Палестина

Иисус Христос

православие

католиктік

протестанттық



**Буддизм - дүниежүзіне кеңінен таралған негізгі 3 діннің бірі. Б.з.б. V-VI Үндістанның бүгінгі Бихар штатында пайда болды. Буддизмнің негізін салушы Сиддхарта Гаутама деп есептеледі. Буддизм басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарады. Қазіргі кезде Буддизм дінін 1 млрдқа жуық адам ұстанады. Қасиетті кітабы–Трипитака. Буддизм фәни өмірдің азаптары - ауру, кәрілік, өлімнен құтылу жолын іздейді.**



## Христиан діні.

Осыдан 2 мыңдай жыл бұрын Рим империясында пайда болды. Христиан дінінің негізін салушы-Палестинаден шыққан уағыздаушы Иисус (Иса) пайғамбар еді. Иисустың жаулары оны крестке керіп қинап өлтірді. Ол үшінші күні тіріліп, аспанға ұшып кетеді. Иисустың шәкірттері ұстазын Христос деп, өздерін христиандармыз деді. Христиан дінінің қасиетті кітабі - Інжіл. IV ғ Римде христиан діні бүкіл Римге тарады. Ал Рим империясы батыс және шығыс болып екіге бөлінген соң христиан діні де шығыста - православиелік, батыста - католиктік болып бөлінді.

# Христиан дінінің тармақтары

католицизм

православие

протестантизм



Лютерандық (XVIғ.)

Кальвинизм (XVIғ.)

Англикандық  
шіркеу (XVIғ.)

Методисттер (XVIғ.)

Пятидесятник (XXғ.)

Баптистар (XVIIғ.)

Адвентистер (XIXғ.)





# Ислам діні





**Ислам діні - әлемдік діндер ішіндегі ең кең тараған қасиетті дін. Ол Араб түбегінде VII ғасырда пайда болды. Ислам дінінің негізін салған – Мұхаммед ибн Абдулла ибн Әбді Мүтәліб ибн Хашим. Мұхаммед пайғамбар Меккеде 13 жыл, Мединеде 11 жыл араб халқын Ислам дініне үгіттеген. Діни ұғым бойынша Алла бар, ол біреу және бәрі соның қолында. Алладан басқа табиғат құбылыстарына, қолдан жасалған мүсіндерге, рухтарға табынуға, сыйынуға болмайды. Діннің басты негізі және мұсылмандықтың кілті – «Лә иләһа илла Аллаһ, Мұхаммад расул Аллаһ», яғни мағынасы «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген сөйлемде жинақталған. Мың жылдан астам уақыт бойына ата - бабаларымыз осы Ислам дінін ұстанып, жоғары бағалап, мұсылман атанып келеді. Рухани тазалықтың, ар - ұят пен адалдықтың мызғымас тірегі дін екенін сол қоғамда өмір сүріп отырған әрбір адам білуі шарт. Сондықтан да имандылық пен адамгершілікті бір ұғым деп білген жөн. Күллі мұсылман қауымының шариғат заңдылықтарында, діни ғұрыптарында, тіпті күнделікті тіршілігінде басшылыққа алатын, аса киелі, қасиетті кітабын Құран деп атаймыз. Ол мұсылмандар ұғымында тура жол көрсетуші қасиетті кітап. Құранда 144 сүре бар. Оның ең қысқа сүресі 3 аяттан тұратын «Кәусар», ал ең ұзағы 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі.**



## Ислам дінінің бес парызы:

- 1. Аллаға сеніп, Мұхаммедтің үмбеті екенін мойындау.**
- 2. Дәрет алу, күніне бес рет намаз оқу.**
- 3. Рамазан айында отыз күн ораза ұстау**
- 4. Қажылыққа Меккеге бару.**
- 5. Жарлыға зекет беру (пітір - садақа беру)**

**Мешіт** – Алла үйі, қасиетті инабат, ғибадат орыны. Мешітке оң аяқпен сәлем беріп кіреді. Мұнда төрге, орынға таласпайды, әдепсіз сөйлеуге болмайды. Әр мұсылман Алла үйіне құрметпен қарауға міндетті. **Қағба**-Ислам дінінің қасиетті мекендерінің бірі. Дүние жүзіндегі барлық мешіттердің михрабтары осы жаққа бағытталған. Қағба-тас мәрмәрлерден жасалынған 15метрлік биіктіктегі кубтан тұрады. Қағба тасы «кисуа»деп аталатын қара матамен қапталған. Кисуаның шеттеріне алтын жіптермен Құран сөздері жазылған. Қағба-мұсылман әлемінің орталығы.

**Қажылық**- қасиетті жерге зиярат ету дегенді білдіреді. Мұсылмандар қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласына сапар шегеді.



## **Мұсылман мейрамдары мен салт - жоралғылары.**

**Рамазан айт.** Бұл мейрам мұсылмандардың ораза тұтанын Рамазан айы аяқталып Шәууал айының 1 - күні басталады. Ол үш күнге созылады.

Мұсылмандар алғашқы күні айт намазын оқып, артынша амандық сұрасып, бір - бірін қонаққа шақырады, өзара жақсы тілектер айтып, ерекше қуанышпен атап өтеді.

**Құрбан айт.** Үш күнге созылатын бұл мейрам мұсылман күнтізбесі бойынша Ораза айтынан 70 күннен кейін Зұлхиджа айының 10 - ы күні басталады.

Құрбан айтта мұсылмандар Айт намазын оқып, құрбан шалады.

**Мәуліт мерекесі.** Мәуліт – Мұхаммед пайғамбардың туылған күні. Мәулітте құран оқылып, Мұхаммед пайғамбарға салауаттар айтылады.

**Қадір түні.** Құран кітабы түскен, адамдардың күәсі кешірілетін, бір жылғы ырзығы белгіленетін, жақсылығының сауабы еселенетін, дұға тілегі қабыл болатын, Алланың мейірімі жауатын ең қасиетті түн. Қадір түні Рамазан айының 27 - түні болады. Бұл түнді мұсылмандар құлшылықпен, мінәжатпен өткізеді.

**Құрбандық шалу** – Жаратушыға жақындау үшін жасалатын құлшылық міндеттердің бірі, құрбандыққа негізінен түйе, сиыр, қой немесе ешкі сойылады. Құрбан етінің үштен бірі отбасына қалдырылып, 2 - бөлігі ағайын - туысқа, көршілерге немесе жолдас - жораларға беріліп, 3 - бөлігі тұрмысы төмен кедейлерге, жетім - жесірге таратылады.

Назарларыңызға рахмет

